

«ZIAT» ҒӘО
Астана қаласы



НМЦ «ZIAT»
город Астана

**III Республикалық «Жас ғалым» атты
ғылыми жұмыстар сайысының жинағы**

* * *

**Сборник статей
III Республиканского конкурса
научных работ «Жас ғалым»**

АСТАНА 2016

МАЗМҰНЫ/СОДЕРЖАНИЕ

1	Абаева Б., Абильбекова Б.Т. Ұлттық тәрбиедегі тыйым-сөздердің мағыналық сипаты	5
2	Алмас А., Токтамысова С.К., Жубанова Ф.Е. Ценурозды түрлі хирургиялық жолмен емдеу тәсілдеріне салыстырмалы баға беру	7
3 ✓	Акылбекова А.К., Акдаулетова Ж.А. Қазақ тіліндегі үнемдеу құбылысының кірме сөздердегі сипаты	12
4	Алдан А., Шақаман Ы.Б. Қазақ тіліндегі денсаулық мәнді соматикалық қолданыс	16
5	Амангелді Д.Н., Алдабергенова А.Б. “Coca-Cola” –ның адам ағзасына әсері. Тарихи анықтама	19
6	Аруханов Т.К., Калешева Г.Е. Усовершенствование клапанного узла детали станка –качалки	21
7	Аяпберген А., Демиденко Р.Н. Проблема взаимоотношенности компьютерной зависимости и агрессивности подростка	26
8	Базилова Г.Е., Аманжулова Ж.А. Жоғары оқу орнында оқыту тәсілдерінің жетілдірілген заманауи түрлері	30
9	Баймұратова Д.Т., Сабыр М.Б. Х.Есенжановтың «Ақ жайық» трилогиясының этномәдени жүйесі	33
10	Бейсембаева Д., Табиева Б.А. Мұхтар Әуезов және балалар әлемі	35
11	Бейсембаева Д., Табиева Б.А. Абай афоризмдерінің тағылымы	36
12	Бейсембаева Д., Табиева Б.А. Жасөспірімдер қылмысы – өзекті мәселе	37
13	Бөкенбай Е.М., Хамбетова А.Қ. Орал қаласы көше атауларының тарихи-этномәдени сипаты	38
14	Быкова А.А., Куделько Т. С. Вклад Казахстана в Победу Великой Отечественной войны	40
15	Вареник Е. С., Харитонович Т.И. Нумерология в нашей жизни	46
16	Губашева А.Х., Назаров Қ. Қ. Жасөспірім шақтағы балалар психологиясына ақпараттық технологияның кері әсері	48
17	Ерланқызы Қ., Орсаева Р.А. Адам ұрлау қылмыстық құқық бұзушылығымен күрес мәселелері	50
18	Ермоленко М.В., Николаев А.А. Моделирование процесса синтеза диаграммы направленности антенны на основе экспериментальных данных	52
19	Ескалиева М.К., Бегайдарова К.Д. Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы жер ресурстарының мониторингі	57
20	Жантасова Д., Акдаулетова Ж.А. М.Жұмабаев поэзиясындағы автометафоралар	59
21	Ибраев М.К., Исенова Р.И. Законы степи	63
22	Идеятолла А.А., Алипбекова А.Б. «Жігер» жаясы	67
23	Идоят Т.З., Панжеева М.Д. Қыз еркем, қылығымен көркем	70
24	Исаева А.Б., Төлеуова Р.Н. Батыс Қазақстан облысы, теректі ауданындағы Шалқар көлінің емдік қасиетін бағалау және шалқар сауықтыру кешенін салу	76
25	Карашашев А.Т., Карабаева А.З. «Как улучшить продуктивность мозга».	78
26	Лысогор О.В., Грудинина Т. А. Школьная метеостанция «за окном»	79
27	Мадимарова К.М., Кульбаева Д.Т. «Болашақтың 10 мамандығы»	83
28	Мұратбек О., Имашева А., Ахметова С.Р. Исследование воды в селе Красноармейка	86
29	Мұратова Ә., Аубакирова Р.Т. Қалба жотасындағы қыналардың түр ерекшеліктерін анықтау, зерттеу, танып білу, оларды іс-жүзінде қолдану	90
30	Найдёнова А.М., Дамирова Л.В. О чём говорят глаза	92

бойынша емдеу ұзақтығы $24,3 \pm 0,11$ күн құрады қалған екеуі емделмеді, сондықтан амалсыздан етке сойылды.

Осылайша ценуроз кезінде қойдың бас аумағында қандай болмасын хирургиялық операция жүргізген кезде топкалық диагностикалау нәтижелеріне тікелей сүйенеді. Топкалық балау нәтижелері нақтылауға қажетті қосымша мәліметтер ретінде бас сүйегінің сыртын пальпациялау және перкуссиялау жүргізіледі, сонымен қатар ауружануардың қозғалуы мен кеңістікте өзін езі ұстауына да назар аударады.

Қорыта келе ценурозбен ауыратын жануарларды П.П. Герцен бойынша оперативтік тәсілмен біздің тәжірибемізде емдеген кезде ауру қойлар 100%-ы жазылады, В.Р. Тарасов бойынша оперативтік жолмен емдеген кезде 75%-ы және Сидоров бойынша емделген жануар топтарының 50%-ы жазылып шыққанын атап кету керек.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Жанузаков, Н.Ж. Насущные проблемы борьбы с паразитарными болезнями животных / Н.Ж. Жанузаков // Паразитарные болезни с.-х. животных и меры борьбы с ними. -Алма-Ата.: Кайнар, 1979.- С.58-64.
2. Баев, С.Н. Задачи ветеринарной гельминтологии в Казахстане в свете учения академика К. И. Скрябина/ С.Н. Баев, Г.И. Диков // Паразитарные болезни с.-х. животных и меры борьбы с ними. - Алма-Ата.: Кайнар, 1979. - С.47-52.
3. Абугалиев, Р.М. Повысить эффективность работы лечебно-санитарных пунктов/ Р.М. Абугалиев, М.Г. Хусаинов//Ветеринария.- 1973. - № 10. - С.9-14.
4. Герцен, П.П. Классификация травматизма с.-х. животных/П.П.Герцен // Особенности терапии и профилактики болезней животных в пром. комплексах.- Кишинев., 1978.
5. Герцен, П.П. Объем и содержание хирургической работы в условиях района / П.П. Герцен//Материалы межвузовской конференции по вопросам ветеринарной хирургии.- Л.:1967. - С.22-24.
6. Оперативная хирургия в ветеринарной медицине/П.П.Герцен [и др.]- Полтава.: НПФ, Компьютерные технологии Лтд, 1998.- 392с.

Қазақ тіліндегі үнемдеу құбылысының кірме сөздердегі сипаты

автор: А.К.Акылбекова

жетекші: Ақдаулетова Жанар Аишмовна

А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті, Қостанай қаласы

Үнемдеу құбылысы – тілдің дамуында шешуші қызмет атқаратын лингвистикалық заңдардың бірі. Үнемдеу жалпы тіл білімінде, түркітануда, қазақ тіл білімінде сөз болғанда құбылыс, үрдіс, үдеріс, заңдылық аясында ғана қарастырылып келді. Бірақ соңғы кездегі зерттеулердің нәтижесі үнемдеуді заң деп танып, үнемдеудің ықпалынан болатын тілдегі барлық заңдылықтар мен құбылыстарды соның аясында қарастырудың қажеттілігін көрсетіп отыр. Үнемдеу құбылысының тіл білімінің енді дамып келе жатқан морфонология саласымен тығыз байланыстылығын айта кеткен жөн. Жалпы және қазақ тіл біліміндегі үнемдеу заңы мен ықшамдауларға байланысты зерттеулерді саралағанда, морфонологиялық құбылыстардың зерттелуі бірыңғай сипатты орындалғанын байқауға болады. Үнемдеу заңының ғылыми-теориялық негіздеріне сүйенгендіктен, үнемдеу заңы туралы ғалымдар зерттеулерін тілдің салаларына байланысты жүйелеуді негізге алу.

Бұл жұмыста үнемдеу құбылысының ғылыми-теориялық негіздері қарастырылып, аталған құбылыстың тіл деңгейлеріндегі көрінісі жан-жақты сипатталады.

Тілдік жүйеде үнемдеудің тілге, оның әр бірлігіне ықпал етуі, тілдік заңдылық ретінде тілдік жүйеден орын алуы қалыптасқан. Үнемдеуді адам сөйлеу барысында да қолданады, ал тіл өз кезегінде адамның осы әрекетін өзінің ішкі заңдылықтары арқылы жүзеге асырады. Үнемдеудің тілдегі көрінісі жалпы тіршіліктегі үнемдеудің заңды жалғасы бола отырып,

тілдің өзінің ішкі заңдарымен біртұтастанған, даралана отырып өз алдына жеке заң дәрежесіне жеткен. Үнемдеу заңы және оның тіл деңгейлеріндегі сипаты, теориялық негізі бірқатар тілші-зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылды.

Үнемдеу құбылысының тілдік сипаты ықшамдалу амалымен анықталады. Түбір құрамының дыбыстық, морфонологиялық ықшамдалуы, байырғы түркі және кірме түбірлердегі ықшамдалулар теориялық, табиғаты күрделі құбылыстардың ашылуына жол ашады. Сөздің морфологиялық құрамының ықшамдалуы дауысты және дауыссыз дыбыстардың сөздің барлық шенінде (сөз басында, ортасында және соңында) түсірілуі, буындардың түсірілуі негізінде жүзеге асады. Сөз құрамындағы мұндай өзгерістер үнемдеу құбылысынан туындайтын түрлі тілдік құбылыстардың қыр-сырын ашуға мүмкіндік береді.

Қазақ тілі өзінің даму тарихында түрлі кезеңдерді басынан кешіріп, тілдегі графиканың бірнеше рет ауысқандығы баршаға белгілі. Қоғам дамуындағы өзгерістерге орай, Еуропа тілдерінен енген халықаралық сөздерді қолдану үрдісі белең алды. Алайда бүгінгі тілдік ортада ұлттық тіліміздің қайнар бұлағына қайта оралу байқалады. Осы тәрізді қоғамдағы түрлі себептермен сөздік қорымызға араб, парсы, моңғол, қытай, орыс т.б. тілдерінен енген кірме сөздердің әбден сіңіскені соншалықты – олардың басым көбі қазіргі кезде қазақтың төл сөздеріне айналған. Мысалы: *дос*, *бақыт* деген сөздердің араб тілінен енгендігі сала мамандарына ғана мәлім. Ал қалың жұртшылық мұндай сөздерді өз тілінің төл сөзі ретінде қабылдайды. Ал орыс тілі арқылы өзге тілдерден енген сөздерді тануға мүмкіндік бар. Мысалы, *телеком*, *компьютер*, *парти*, *балкон*, *код* деген сөздердің кірме сөз екені айтқан сәттен бастап ұғынықты болады.

Қай кезеңде де аймақтық жағынан қатар отырған, қарым-қатынаста, байланыста болған елдердің бір-бірімен өз алмасулары жиі орын алады. VIII-XII ғасырларда түркі (қазақ) тілдеріне араб-парсы кірме сөздері еніп, діннің келуімен мықтап орнықты. XII-XIV ғасырлардағы моңғол шапқыншылығына байланысты ата тілімізге моңғол тілінен сөздер ене бастады. Салты мен өмір сүру жағдайы, шаруашылықтарының ұқсастығы бұл сөздерді де жатсынбай қабылдауға негіз болды. Ал орыс халқымен тізе қосып, бірігуі әсерінен осы тіл арқылы бүгінге дейін қазақ тілінің сөздік құрамы толығып келеді. Бұдан әр кезеңдердегі саяси оқиғалардың тілге тигізген әсері мол болды деген қорытынды шығаруға болады.

Қазақ тілінің сөздік құрамын толықтырып, байытып отырған кірме сөздердің ішінде ең көрнекті орын алатыны араб және парсы сөздері болып табылады. Тілімізге енген араб, парсы сөздерін екі топқа бөліп қарастырған жөн:

а) қазақ тіліне ертеден еніп, әбден сіңісіп, өзінің фонетикалық тұлғасын өзгертіп жіберген сөздер; бұлар қазақтың байырғы төл сөзіндей қабылданады, ондай сөздердің кірме түбір екендігі ұмытылып та кеткен деуімізге болады;

б) қазақ тіліне онша сіңісе қоймаған, бірақ қазақ оқырмандарына ескі кітап, дастандардан, қиссалардан жақсы таныс араб-парсы сөздері.

Әр тілдің өзіне тән ішкі заңдылықтары бар екені мәлім. Белгілі бір тілдегі дыбыстың фонемалық қасиеті екінші бір тілде өзгеше түрде болып келуі ықтимал. Мәселен, қазақ тілінің тек өзіне ғана тән фонетикалық заңдылықтары бар. Демек, қазақ тіліне ауысқан араб және парсы сөздері қалайда қазақ тілінің осы заңдылықтарына бағынып, соның әсерімен өзінің алғашқы фонетикалық бейнесін өзгертіп жібереді.

Араб, парсы және қазақ тілдерінің тілдік құрамы әр түрлі болып келеді. Парсы, әсіресе, араб тіліндегі дауыссыз дыбыстардың бәрінің бірдей эквиваленті қазақ тілінен табыла бермейді. Сондықтан араб яки парсы сөздерін қазақтар сол күйінде айнытпай, дәл айтпағаны түсінікті. Қазақ араб-парсы сөздерін қазақ тілінің фонетикалық жүйесіне бейімдеп қана айтуы мүмкін. Сондықтан араб және парсы сөздерін айту барысында қазақ тілінде жоқ дыбыстарды айтпай, дыбыстық үнемдеуге ұшырайды да кейде адам танымастай өзгеріп қолданылады, кейде қазақ тіліндегі сол дыбысқа жақындау дыбысталатын дыбыстардың бірін қолдануға мәжбүр болады. Ал бірде аталған кірме сөздердің кейбір қиындық туғызған дыбыстары шамалы артикуляциялық өзгеріспен айтылады.

Қазақ тілінде көмей *h* дыбысымен сәйкес келетін араб тіліндегі *[h]*, *[hau həvəz]* дыбысының өзгерісі сөздің басында, сөз ортасында, тіпті сөз соңында да кездеседі. Тіпті, кей жағдайларда бұл дыбыстардың өзге дыбыстарға ауысу жайы да кездеседі. Қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздерді зерттеген тілші Л.З.Рүстемов *[h]* дыбысын қазақ тілінің фонетикалық жүйесіне тән фонема емес деп түсіндіреді. Себебі бұл фонемамен келетін сөздер қазақ сөздері тек одағайларда ғана кездеседі. Мысалы: *ah, uh, ehe, aha* т.б. Фонеманы айтуда фонациялық ауа сүзіліп шығатын болғандықтан, ызың (фрикатив) фонемалардың тобына жатады.

Л.З.Рүстемовтің пікірінше, «*[h]* дыбысы араб және парсы тілдерінің лексикологиялық элементтерімен бірге қазақ тіліне ауысқан дыбыс деуге толық негіз бар. Бұл дыбыстың тура өзіне сай келетін эквиваленті қазақ тілінде жоқ деуге болады» [1, 82]. Ал Б.Сағындықұлының көмей *h* фонемасы жайлы пікірі мүлде бөлек: «Алайда бұл аллофондардың архетипі жөніндегі біздің пікіріміз басқаша. Тілдің өзі қандай көне болса, *h* дауыссызы да соншалық көне. Бұл дыбыстың одағайлардың құрамында сақталуы – осы пікірдің толық дәлелі. Одағайлар ең алғаш пайда болған сөздердің қатарына жатады. Екіншіден, *a* дауыстысының айтылуында қандай еркіндік болса, ежелгі *h* дауыссызының айтылуында да сондай еркіндік болған. Бұл да соның байырғылығын көрсететін қасиет» [2, 46]. Араб-парсы тілдерінен енген кірме сөздердің құрамындағы *h* фонемасы сөз ішінде кездесу ыңғайына қарай (сөз басында, сөз ортасында немесе сөз соңында) қазақ тілінде әртүрлі өзгерістерге ұшырап отырады.

Тіліміздегі кірме сөздердің араб-парсы тілінен енген элементтерін қамтитын тілдік бірліктердің ықшамдалып, өз заңдылықтарына сәйкес икемделеді. Осының нәтижесінде араб-парсы тілдерінен енген кірме сөздер ғана емес, өзге орыс, моңғол тілдерінен ауысқан сөздер де тіліміздің ішкі заңдылықтарына сүйенеді.

Қазақ-орыс байланыстары аймақтық жағынан қатар отырған екі елдің тілдік қарым-қатынастарының да болғандығын көрсетеді. Қазақ тіліне орыс тілінен енген кірме сөздердің Қазан төңкерісіне дейін енгендері ұлттық тіліміздің емле заңдылықтарына сай өзгеріп жазылған. Ал кирилл әліпбиіне көшкен соң орыс тілінен енген сөздер сол жазылған күйінде оқылып, өзгеріс азая түскен.

Ә.Болғанбаев пен Ғ.Қалиевтің «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы» атты еңбегіндегі жеке-жеке кірме сөздерге берілген сипаттамада тек Қазан төңкерісіне дейін енген сөздердің өзгеріске ие болғанын, ал одан кейінгі ауысқан сөздердің орыс тілінде қалай жазылса, біздің тілімізге де дәл сол қалпында енгенін көреміз. Бұған «Қазан революциясынан кейін енген сөздер» деген тараушалар куә. Сонымен қатар кейін енген орыс тілінің элементтері аударылып берілу жағдайлары кездеседі [3, 148].

Фонетист ғалым С.Мырзабековтің кірме сөздерді өз тіліміздің заңдарына лайықтап енгізу керек деген пікірінің жаны бар. Университетті үнбөрсөт, институтты үнстүт деп айту қажеттігін айтады [4]. Кірме сөздердің қазақ тілінің сингармонизм заңына сәйкес жазылу керектігін айтқан.

Сөз соңындағы дауыссыз дыбыстардың ықшамдалып келу құбылысы сирек кездесетін құбылыс. Кірме сөздерде көбірек кездеседі.

Кірме сөздердегі *дос* – *дос*, *раст* – *рас*, *тахт* – *тақ*, *бахт* – *бақ*, *уақыт* – *уақ*, *салғырт* – *салғыр*, *бақыт* – *бақ* т.б.

Реңк – *рең*, *жидек* – *жиде*, *кішік* – *кіші* т.б.

Ұлық – *ұлы*, *бұғанақ* – *бұғана* т.б.

Жазғытұрым – *жазғытұры* т.б.

Сарыг – *сары*. *Сары* сөзінің көне тіліміздегі көрінісі – *сарыг*. Өзге түркі тілдерінде дәл осы тұлғасында қолданылады. Ал қазақ тілінде сөз соңында *г* дыбысы келмейді. Сол себепті олар түсіп қалады немесе өзге дыбыстармен алмасады: мысалы, *саг* – *сау*, *туг* – *туу* т.б.

Сөз басында кездескен *h* дыбысы түсіп қалғандықтан, ықшамдау құбылысын танытатын сөздердің мысалы ретінде мына сөздерді санамалауға болады: *һәм* – *әм*, *һәзл-әзіл*, *һәзім-әзім*, *һәлак-әлек*, *өлім*, *һәйбәт* (араб) – *айбат*, *һәфтә* (парсы) – *апта*, *һәва* (парсы) – *ауа*

Парсы тілінен енген сөздерге де бірнеше мысал келтіруге болады: *һәм – әм, сондай-ақ, тағы да, һәман – әмен, ұдайы, һәме – әмбе, һәмише – әмісе, әрқашанда, һәфту йәк – әптік* (жеке кітапша болып басылған Құранның жетіден бірі), *һәр – әр, әр түрлі, әркім.*

Кейбір араб-парсы сөздерінде еміс-еміс қана естілетін «һ» дыбысы қазақ тілінде біршама ұянданып айтылады. Бірнеше мысал келтірейік: *джеһәт – жаһәт, джәһәннәм – жаһәннам, джеһәз – жиһәз.*

Парсы сөздері: *джеһән - жиһән т б.*

Арабтың ха дыбысы – қатаң, ызың дыбыс. Бұл дыбысты айтқанда жұтқыншақ арқылы үзілмелі болып естіледі. Бұл дауыссыз, ызың фонема сыбырлап қана айтылады. Жасалу орны жағынан х дауыссыз дыбыс *г гәйн* дауысты дыбысына толық сәйкес келеді, х дыбысы қазақтың төл сөзінде мүлдем кездеспейді. Бұл дыбыс тек араб сөздерінде ғана болады. Егер араб тілінде сөз ха-и хуттиден басталса, онда сөз қазақ тіліне ауысқан сәтте бұл дыбыс түсіп қалады да, сөз төмендегідей дыбыстардан басталады:

1) «а» – *хафез-абыз, хәләл-адал, хиле-айла, хәйван-айуан, хәқк-ақ, әділ, хәқиқәт-ақиқат, хәлва-алуа, харам-арам.*

2) «ә» – *хәдд-әдді, хәджәт-әжет, хәзер-әзір, хәкем-әкім, хәл-әл, хәрәкәт-әрекет, хәрф-әріп, әріптес.*

3) «ү» – *хокм-үкім, хокумәт-үкімет.*

Негізінен х дыбысы сөз басында, сөз ортасында, сөз соңында кездесетін сөздер араб-парсы немесе орыс тілінен енген сөздер болып есептеледі. Себебі қазақ тілінде бұл дыбыс кездесетін сөздер сөздік қорда жоқ.

Кірме сөздердің құрамындағы дж аффрикаты тіл алды аффрикаты болып саналады. Бұл дыбыс дербес фонема түрінде қазақ әдеби тілінде кездеспейді. Мұны айту үшін қазақша «д» және «ж» дыбыстарын қосып, дауысты үзілмелі етпей айту керек. Тиісті лексикологиялық элементтерімен бірге қазақ тіліне ауысқан соң арабша қатаң айтылатын «джим» дыбысы қазақша ұяң айтылатын болды: *джәза – жаза, джәзире – жазира, джәма'әт – жамағат, джәни'е – жаназә, джәфа – жапа, джәраһәт – жарақат, джәузә – жауза* дыбысына айналып кетеді.

Вәба – оба, вәбал – обал, вақе'а – оқиға, вәфа – опа, вәфат болу – опта болу, вәтан – отан секілді араб тілінен енген сөздер ықшамдалып, үнемдеу процесін өткізген.

Сөз ортасында кездескен һ дыбысы түсіп, ықшамдалып, өзге дыбыстарға алмасып қолданылады.

Парсы сөздері: *деһқан-диқан, мәһр-мейір, меһман-мейман т. б.*

Қазақ тіліне ауысқанда араб-парсы сөздерінің ортасында кездесетін һ дыбысы түсіп қалады: *қәһр-кәр, зәһр-зәр, ашу-ыза, шәһр-иәр, пәһлеван-балуан, баһадур-батыр.*

Сонымен қатар, *чәһар тарап – шартарап, чәһар ай'не – шарайна, чәһар-йәк – ширек т. б.*

Сөз ортасында кездескен «ғәйн» дыбысының ықшамдалуы: *мағлұмат – мәлімет, тағылым – тәлім, мағлұм – мәлім, мағзұм – мәзім, тағзым – тәжім, т. б.*

Сөз соңында кездескен һ дыбысы түсіп қалғандықтан, ықшамдау құбылысы көрінетін сөздердің қатарына «һ» дыбысына біткен араб және парсы сөздерін айтуға болады. Мұндай сөздердегі «һ» фонемасының алдындағы созылып айтылатын дауысты «а» дыбысы жіңішке «ә»-ге айналып кетеді. Мысалы: *гәвах - куә, гонаһ - күнә* тағы басқалар.

Т дыбысының ықшамдалуы: *дәрәхт – дарақ, дуст – дос, раст – рас, мәст – мас, дорост – дұрыс, беһешт – бейіш.*

Д дыбысының түсіп қалуы арқылы да ықшамдалу құбылысы байқалады: *данешмәнд – данышпан.*

Орыс тілінен енген сөздерді ықшамдалу, дыбыстардың түсу жағдайына байланысты төмендегіше бөлуге болады:

– Ы белгісінің түсуі арқылы ықшамдалу: *болыс (волость), өшірет, шірет (очередь).*

– ть қосарлама тұлғаларының ықшамдалуы: *болыс (волость), ізеес (известь).*

– сөз соңындағы д дыбысының ықшамдалуы: *сиез (съезд), ояз (уезд), пойыз (поезд).*

– Сөз соңындағы т дыбысының ықшамдалуы: *мінәпас (манифест)*.

– Сөз соңындағы дауысты дыбыстардың ықшамдалуы: *калош (галоши), пар (пара), кәмпит (конфеты), старшын (старшина), губерне (губерния), кантор (контора), пабрік (фабрика), минөт (минута), газет (газета), пәнер (фанера), мәнер (манера), цитат (цитата), цифр (цифра)*.

– Сөз соңындағы морфемалардың түсіріліп, орнына өзге морфеманың келуі арқылы ықшымдалу: *учәске (участок)*.

– Бұдан өзге құрамында көптік жалғауының да қазақ тіліне енген соң түсіп қалу жағдайлары кездеседі: *кәмпит (конфеты), калош (галоши), шахмат (шахматы)*.

Тілдің дамуында шешуші қызмет атқаратын лингвистикалық заңдардың бірі – үнемдеу құбылысы жалпы тіл білімінде, түркітануда, қазақ тіл білімінде заң, құбылыс, үрдіс, үдеріс, заңдылық аясында ғана қара тырылып келгендіктен, ғылыми жұмыста үнемдеу құбылысы заң ретінде танылып, үнемдеудің ықпалынан болатын тілдегі барлық заңдылықтар мен құбылыстар соның аясында қарастырылды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Рүстемов Л.З. Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздері. – Алматы: Ғылым, 1982. – 160 б.

2. Сағындықұлы Б. Түркі тілдері лексикасы дамуының фонологиялық заңдылықтары: филол. ғыл. докт. дисс... автореф. – Алматы, 1994. – 27 б

3. Болғанбаев Ә. Қалиев Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Санат, 1997. – 255 б.

4. Ахмадиева Э. Қазақ тіліндегі үнемдеу заңының көріністері. – Алматы: ҚазҰУ-нің Хабаршысы, №2 (132), 2011. – 78-85 б.

Қазақ тіліндегі денсаулық мәнді соматикалық қолданыс

автор: Алдан Ақмарал

жетекші: Шақаман Ырысгүл Бектемірқызы

Павлодар қаласы №40 жалпы орта білім беру мектебі

«Сома» – грекше – «ақыл-ойдан ажыратылған тән» деген сөз. Бұл – тәнді ішкі жан дүниенімен сезіну дегенді түсіндіретін дене ұғымы. Осыдан кейін ақыл-ой мен тәннің, рухтың тұтастықта сезінілуін зерттейтін әдіс, ағылшын тіліндегі «соматика» бағыты пайда болды. Американың философ ғалымы Томас Ханна денені үш тұтастықта қарастырып, осы терминді алғаш қолданысқа енгізген. Мұнда тән, дене талшығының, ағза-жасаушалардың санаға әсері немесе керісінше сананың оларға әсері қарастырылады. Осылайша ғалым Т.Ханна 1976 жылы ақыл-ой мен тәннің тұтастықтығын сипаттайтын соматика бағытын айналымға енгізугіші болып табылады [1]. Соматизм – адам тәні, мүшесі, олардың қызметі туралы ілім. Дене, тән және сананың тұтастығында сезінілетін денсаулық, психологиялық ерекшеліктер, жалпы дене мен тәнге қатысты аурулық сезім, мінез-құлықтық ауытқу мәселесі қаралады. Соматика бағыты психосоматика саласын тудырды. Психосоматика терминін Лейпцигтік неміс дәрігер Иоганн Христиан Август Хайнрот 1818 жылы енгізген [1]. Психосоматика мәселесі тіл ғылымына да зерттеу әдісі ретінде алына бастады. Ол ұлттың дүниетанымдық негізін, сөйлеу мәнері мен сөз қолданысын тануға көмектеседі. Сондықтан тіл ғылымында сөз арқылы адамды білу, ұлтқа тән ерекшелікті тануға жетелейтін психосоматикалық талдау да негізге алына бастады. Кез келген тілдегі дене мүшелері атаулары ұлттың өзіндік танымын білуге итермелейді. Тіл білімінде дене мүше атаулары соматизм бірліктері болып табылады. Бұлар қолданыста көп мағыналылығымен, тұрақты тіркестерге негіз болуымен ерекшеленеді. Соматикалық бірліктерді қарастыру, оларды зерттеуге түсіру, тілдік қолданыстағы ерекшеліктерін тану қазақ тіл білімінде нақты